



Тексерілді  -----  
Әдіскер: Уразалина Г.Б

Бекітілді  -----  
Бестамақ "Болашақ" балалар бақшасының  
менгерушісі Курманова Л.Б.

Бестамақ "Болашақ" балалар бақшасы

"Қош келдің, әз Наурыз!"



**«Жұлдыз-ай» кіші тобы мен «Балбөбек» ересек тобы  
арасындағы мерекелік іс-шара**

Ұйымдастырушылар: тәрбиешілер және  
музыка жетекшісі: Наурзалиева А.А.

2022 жыл

## «Жұлдыз-ай» кіші тобы мен «Балбөбек» ересек тобы

*Екі жақтан балалар шығып бір-бірімен көріседі.*

**Жүрг:** Армысыздар балалар! Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Көктем мерекесі баршаңызға бақыт, мол табыс, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға амандық әкелсін. Дүниені жандандырып жарқыраған кезі Ұлыстың ұлы күнімен барша адамзатты қуана құттықтаймыз! Ендеше, «Наурыздағы ұлы той» атты ойын-сауығымызды бастаймыз!



Такпақтар:

Алина: Ән айтамыз таласа,  
Атам, әжем той, тойлап,  
Қуанып жүр балаша.  
Би билейміз тамаша!

Сабыржан: Наурыз келді еліме  
Наурыз келді жеріме  
Байлық, бақыт тілеймін  
Бүкіл қазақ еліне!

Жанерке: Наурыз тойы, наурыз тойы,  
Құтты болсын ағайын  
Наурыз тойы, Наурыз тойы,  
Келді біздің Жаңа жыл!

Айсұлу: Наурыз келді құт болып  
Мына бізге сүт болып,  
Аққа аузымыз толады,  
Бар жақсылық болады

Бейбарыс: Келе жатыр жылымыз,  
Мейрамдаймыз мұны біз,  
Жас балаша нұрланып,  
Жадырасып бәріміз.







**Ән: « Көктем» «Балбөбек »тобы**



**Би : «Асықпен би»**

**Жүрг:** Балалар « Жыл басы кім болады?»ертегісін тамашалап, кім жыл басына ие болатынын көрейікші.

Ерте, ерте заманда жануарлар жылдың басы болуға таласыпты.

**Түйе айтады:** мен адам көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық.

**Сыыр айтады:**

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық.

**Сонда жылқы айтыпты:**

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, — дейді.

Балалар менімен ойын ойнайсыздар ма?

**Ойын: « Кім бірінші»**Балалар атқа мініп жарысады.





### **Қой айтады:**

— Мен болмасам, казақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ. Менің асығыммен балалар ойнайды



### **Ойын: «Асық ату» ойыны**

#### **Ит айтады:**

— Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін.

#### **Тауық айтады:**

— Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырың, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын.

Тышқан не айтарын білмей тұрады да бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтады:

— Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын.

Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі карасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз», – деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті.

Тышқан Жыл келді, жыл келді!

Күннің шыққанын мен көрдім

Мен жыл басы боламын!



**Жүрг:** Осылайша күнді бәрінен бұрын Тышқан күнді көріп, жыл басы болған екен. Биыл бізге барыс жылы келді. Наурыз айы - жылдың басы. Балаларымыз Наурызға арнап ән айтып береді.



**Ән:** «Қош келдің төрлет Наурызым»

**Ойын:** «Орамалмен ойын»

**Жүрг:** Балалар біздің қазақ халқында осындай мерекелерде ұлттық ойындар ойналады. Соның бірі асықпен ойналатын «Хан талапай» ойыны

**Ойын:** «Хан талапай»

*Ойыннан кейін Ақ әже кіреді*

**Ақ әже:** Амансыңдар ма балалар!

**Жүрг:** Армысыз ақ әже қош келдіңіз.

**Ақ әже:** Бар бол балам. Наурыз құтты болсын, қайда барсаң жол болсын.

**Жүрг:** Рахмет ақ әже. Наурыз мерекесіне орай мына балаларға өз тілегіңізді айтып жіберіңіз.

**Жүрг:** Ақ әже балаларға қандай сый әкелгенсіз?

**Ақ әже:** Адал астан бұйырған

Дәм татсын деп ел жыйылған

Бидай салдым көжеге

Мол болсын деп биыл нан.

Осы ақ дәмнен ауыз тиіңдер қарақтарым.

*Наурыз көже дастарханға қойылады.*

